



Аксу онірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№43 (10 298)

31 қазан

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

АҚОРДА ЖАНАЛЫҚТАРЫ

Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Гормен және АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Кристофер Ландаумен кездесті

Кездесуде Вашингтонда өтетін C5+1 саммиті қарсаңында қазақ-америка кеңейтілген стратегиялық серіктестігін дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың C5+1 саммитіне арнайы шақырғаны үшін алғыс айтты.

Президент алдағы жоғары деңгейдегі кездесу ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың басты бағыттарын айқындау тұрғысынан нәтижелі болатынына сенім білдірді. Қазақстан Америкамен сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікке тың серпін беруге мүдделі.

Мемлекет басшысы еліміздің АҚШ Президенті жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты қолдайтынын жеткізді. Осы орайда Дональд Трамптың бейбітшілікті нығайтуға және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесін жоғары бағалады.

Қазақстан Президенті жаһандық



үдерістердегі Орталық Азияның рөлі артып келе жатқанына тоқталды. Аймақ елдері бұрын-соңды болмаған бірліктің үлгісін, тату көршілік пен ортақ прогреске деген ұмытылысын көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа Америка Президентінің сәлемін жеткізді. Ол АҚШ сыртқы саясатындағы Орталық Азия өңірінің стратегиялық маңызын растады. Оның пікірінше, Вашингтонда өтетін алдағы кездесу екіжақты ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтереді.

Өңімелесу барысында энергетика, аса маңызды минералдар, цифрландыру, көлік және логистика салаларындағы өзара тиімді серіктестіктің әлеуеті қарастырылды.

Бұдан бөлек, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге назар аударылды.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электр энергетикасын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Онда Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, энергетика министрі Ерлан Аққенженов, сондай-ақ энергетика секторы ұлттық компанияларының өкілдері баяндама жасады.

Соның ішінде энергетика министрі еліміздің энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарының барысы туралы баяндады. Ол еліміздің энергетикалық жүйесі штатты режимде және РФ мен Орталық Азия елдерінің энергетикалық жүйелерімен үйлесімді қалыпта жұмыс істеп тұрғанын атап өтті. Елімізде 237 электр стансасы бар болса, оның 79-ы дәстүрлі генерация көздері, қалғаны 158 жаңартылатын энергия көздерінен тұрады. Министрлік энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, қуаттарды кеңейтуге және цифрлық шешімдерді енгізуге бағытталған шараларды тұрақты негізде қабылдап келеді. Министр 26 ГВт-тан астам жаңа қуат көздерін қосу қарастырылып отырған «Энергетика саласын 2035 жылға дейінгі дамыту жоспары» аясындағы жұмыстар қарқынды түрде жалғасып жатқанын айтты. Жаңа қуаттарды іске қосу қолданыстағы стансаларды жаңғырту арқылы да және жаңа қуат өндіру қондырғыларын салу арқылы да жүзеге асырылады. Осылайша, 2029 жылы Қазақстанның энергетика жүйесін профитке шығару жоспарлануда.

«Энергетика министрінің 2029 жылға дейін еліміздің энергетика жүйесінде жаңадан 6,7 ГВт қуат көздерін іске қосуға мүмкіндік беретін 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Былтыр 770 МВт-тан астам жаңа қуат көзі іске қосылған болса, оның 608 МВт-ы дәстүрлі, ал 163 МВт-ы жаңартылатын энергия көздері. Ал, 2025 жылға белгіленген 621 МВт-тың 166-сы дәстүрлі генерация, ал 9 нысан, яғни 455 МВт – ЖЭК. Бүгінгі таңда 370 МВт іске қосылды, оның ішінде 216 МВт жаңартылатын

Энергетика министрінің 2029 жылға дейін 6,7 ГВт жаңа қуат көзін іске қосатын 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр

энергия қуаты. Жылдың соңына дейін 251 МВт іске қосылады. 2026 жылы шамамен 2 600 МВт, оның ішінде жиынтық қуаттылығы 174 МВт жаңартылатын энергия объектісін енгізу жоспарлануда. 2027 жылы қуаттылығы шамамен 1 500 МВт, оның ішінде 573 МВт-тың 13 ЖЭК объектісін іске қосу қарастырылып отыр. 2028 жылы 2 мың МВт-тан астам қуаттылықты, оның ішінде 245 МВт 3 жаңартылатын энергетика нысанын пайдалануға беру көзделуде. Осылайша, 2029 жылғы экономиканың электр энергиясына деген қажеттілігін толық қамтитын деп күтіп отырмыз, энергетика жүйесін профитке шығару жоспарлануда, бұл еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға да мүмкіндік береді», — деді Ерлан Аққенженов.

Сондай-ақ, энергетика министрі Үкімет отырысында Мемлекет басшысының көмірден алынатын қуат көзін таза көмір технологиясы базасында дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстардың барысы туралы баяндады. Ол министрлік тарапынан қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуды көздейтін экологиялық талаптар мен нормаларға сай келетін бірқатар ірі жобаны, соның ішінде маневрлік режимде жұмыс істеген мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отырғанын атап өтті. Ендігісі Екібастұз ГРЭС-3-тің құрылысын салу үшін инвесторды айқындау бойынша тендер өткізілді және Курчатова қаласында ЖЭС салу үшін тендер жариялау жоспарлануда. Тікелей шарттар шеңберінде министрлік «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясымен бірлесіп Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу электр орталықтарын салу жобаларын жүзеге асыруда, онда түтін газдарын сүзудің озық жүйелері, ауыр металдарды тұтып қалу технологиялары қолданылатын болады. Маневрлік генерацияны

құруға бағытталған аукционды өткізу аясында Астана және Шымкент қалаларында бу-газ қондырғыларын салу бойынша аукцион жарияланды. Жалпы аталған механизм оң нәтижелер көрсетуде және 2022 мен 2024 жылдары жалпы қуаты шамамен 2,5 ГВт болатын бу-газ қондырғыларын салу бойынша 8 жобаның инвесторларын анықтауға мүмкіндік берді. Қытайдан, Еуропадан және араб елдерінен келген стратегиялық инвесторлардың қатысуымен үкіметаралық келісімдер шеңберінде қуаты шамамен 3,8 ГВт жаңартылатын энергия көздері мен 1,1 ГВт энергияны жинақтайтын жүйелерді құруға бағытталған ауқымды жобалар пысықталуда. 2035 жылға дейін жоспарланған жаңартылатын энергия көздерінің электр энергияны тұрақсыз беруін ескере отырып, энергетикалық жүйенің сенімділігін арттыру үшін, оларды маневрлік бу-газ қондырғыларын арқылы теңдестіру жоспарлануда.

Сонымен бірге энергетика министрі Ерлан Аққенженов еліміздің отын-энергетика кешенін (ОЭК) цифрландыру барысы туралы баяндады. Ол қазіргі уақытта «Отын-энергетика кешенін бірыңғай мемлекеттік басқару жүйесі» (EnergyTech) атты салалық платформасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүруде екенін атап өтті. EnergyTech платформасы отын-энергетика кешенінің барлық саласын біріктерге базасына біріктіреді. Ол энергетика секторы, кен пайдалану және қайта өңдеуден бастап көмір өнеркәсібіне дейінгі ОЭК-тің 10 негізгі бағыты бойынша басқару процестерін кешенді үйлестіруді қамтамасыз етеді. Жүйені толық көлемде жасап шығарып, өнеркәсіптік деңгейде қолданысқа енгізу 2026–2027 жылдарға жоспарлануда.

«Биыл барлығы 7 цифрлық сервис пайдалануға берілді, оның ішінде 2 сервис энергетика секторында іске асырылды. Олар – күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оның өту барысын мониторингтеуге арналған цифрлық сервис және шекті тарифті бекітуге арналған

цифрлық сервис. 2025 жылы күзгі-қысқы кезеңге дайындық пен оны өткізу барысына мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервис бүгінде тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Аталған сервис активтердің толық есебін және бақылауын, нысандардың онлайн-мониторингін жүзеге асырады, сондай-ақ, жөндеу жұмыстарын біртұтас цифрлық ортада жоспарлауды қамтамасыз етеді. Осы уақытқа дейін деректерді бірыңғайландыру, элементтер мен активтер иерархиясын типтендіру және жабдықтардың нормативтер мен жөндеу циклдерімен байланыстыру мақсатында жүйеде барлық нысандардың, тораптар мен жабдықтардың цифрлық тізімдері құрылды. Енді бүгінде сервис нақты уақыт режимінде генерация нысандарының жұмыс режимдері туралы деректерді қабылдайды. Келесі кезең – қағаз түріндегі ақаулық журналдардан цифрлық тізімдерге толық көшу. Верификацияланған деректерді жүктеу, жөндеу мерзімдерінің сақталуын тұрақты бақылау және сервисінің функционалын жетілдіру – салалық бақылау сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Мониторинг жүргізу жөніндегі салалық цифрлық сервис пен күтілетін әсер: күзгі-қысқы кезеңге дайындық мониторингінің жалпы мерзімін 90 күнге дейін қысқарту, және кезеңдегі апаттылық тәуекелін 25%-ға дейін төмендету.

Сол сияқты биыл станциялар бойынша шекті тарифтерді бекітуге өтінімдерді беру және қарау жөніндегі цифрлық сервис те тәжірибелік пайдалануға енгізілді. Сервис қағаз түріндегі құжат айналымын толық жояды,

министрлік қызметінде рәсімдердің ашықтығын және басқарылуын арттырады, сондай-ақ орындалу мерзімдері мен операциялық шығындарды қысқартады. Қазіргі кезеңде сервис 63 субъектіні, 83 генерация нысанын қамтиды, барлығы 1 664 құжат өңделді. Қағаз тасымалдауыштар мен қолмен есептеулерден толық цифрлық процеске көшу нақты нәтижелер берді. Мәселен, мақұлдау регламенттеріндегі бизнес-процестер саны 2 есеге қысқарды, өтініш берушілерге түсетін әкімшілік жүктеме 56%-ға азайды», — деп нақтылады Ерлан Аққенженов.

Министрдің айтуынша, электр энергиясын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу бойынша төмен және орта кернеулі желілерде қамту деңгейі әлі де жеткіліксіз. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба аясында электр энергиясын интеллектуалды есепке алу жүйелерімен қамту үлесін арттыру жоспарлануда. Осыған байланысты үш жыл ішінде 27 электрмен жабдықтау субъектісінде 4 миллион «ақылды» есепке алу аспаптарын орнату көзделген. Күтілетін экономикалық тиімділік: электр энергиясының нормативтік шығындарын қысқарту есебінен 57 млрд теңге құрамақ.

Ал, жылу энергиясын есепке алу бойынша да осындай жұмыстар жүруде. Ұлттық жоба аясында жылу энергиясын автоматтандырылған есепке алуды ел бойынша кеңінен тарату жоспарлануда. Бұл тұста жылумен жабдықтау нысандары мен ірі тұтынушылар есепке алу құралдарымен қазірдің өзінде жабдықталған, алайда негізгі олқылық магистральдық және тарату жылу желілерінде болып отыр. Мұндағы жалпы қажеттілікті қамту үшін 52 субъект бойынша шамамен 30 мың «ақылды» жылу энергиясын есепке алу аспабын орнату қажет. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, кешенді есепке алу нәтижесінде жылу энергиясын тұтынуды 15%-ға дейін үнемдеуге болады.

(Басы. Жалғасы 2 - бетте).

Энергетика министрлігі 2029 жылға дейін 6,7 ГВт жаңа қуат көзін іске қосатын 68 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр

(Соңы. Басы 1 - бетте).

«Ұлттық жоба аясында аспаптандыру кезінде жергілікті есепке алу құралдарын өндірушілерге басымдық беріледі. Интеграцияның бірыңғай архитектурасы барлық есепке алу аспаптарынан деректерді EnergyTech платформасының аналитикалық базасына жинауды қамтамасыз етеді. «Энергетика және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жоба мен «Электр энергетикасы туралы» заңның аясында ОЭК саласында Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығын және Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын құру көзделген. Салалық ақпараттық қауіпсіздік орталығы автоматтандырылған басқару жүйелерін қорғауға басымдық бере отырып, салалық талаптарды әзірлеуді, ақпараттық қауіпсіздіктің жедел орталықтарының жұмысын үйлестіреді. Сондай-ақ, кибероқиғалардың индикаторларымен алмасып, отын-энергетика кешенінде киберқауіпсіздік саласындағы кадрлық әлеуетті дамыту тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторы ОЭК субъектілерінің технологиялық деректерін Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығына үздіксіз және қорғалған түрде беру үшін қауіпсіз байланыс арналарының жұмысын қамтамасыз етеді», — дейді министр.

Оның айтуынша, Энергетика министрлігінің Ахуалдық-талдамалық орталығы (АТО) 2024 жылдың IV тоқсанында іске қосылған. АТО – EnergyTech платформасының эталондық анықтамалықтары мен



біріктірілген онлайн деректер ағындары негізінде ОЭК салаларына мониторинг жасаудың негізгі құралы. Орталық энергия өндіру, тарату және тұтыну нысандарынан келіп түсетін деректерді қорғалған онлайн режимінде жинауды, тексеруді, сәйкестендіруді және талдауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар Қазақстанда отын-энергетика кешенінде ЖИ технологияларын қолдану мәселесі белсенді түрде талқыланды. Бұл туралы Үкімет отырысында энергетика министрі Ерлан Аққенжетов хабарлады.

«Осы мақсатта ОЭК саласына ЖИ енгізу жөніндегі акселерациялық топ құрылған, оның құрамына саланың жетекші компанияларының өкілдері кірді. Топтың негізгі міндеті — салалық қажеттіліктерді айқындау және ЖИ технологияларын енгізу бойынша пилоттық жобаларды жүзеге асыру бағытында күш-жігерді біріктіру. Сонымен бірге биыл ЖИ шешімдері бар ғаламдық вендорлар мен IT-компаниялардан тұратын AI-альянс құрылды. Отандық IT әзірлеушілерді қолдау

мақсатында министрлік пен Astana Hub резиденттері арасында салаға ЖИ шешімдерін енгізу және сол бағытта бірлесіп сынақтар өткізу жөнінде меморандумдарға қол қойылды», — деп атап өтті Ерлан Аққенжетов.

Министрдің айтуынша, биыл екі ЖИ шешімі пилоттық сынақтан сәтті өткен. Оның біріншісі — дрондар мен ЖИ технологияларын пайдалана отырып, әуе электр тарату желілерін дефектоскопиялау, яғни ақауын тексеру. Күтілетін экономикалық тиімділік шығындарды қысқарту есебінен 2,5 млрд теңге болмақ. Екіншісі — роботтандырылған кешен мен ЖИ негізінде жылу желілерінің құбырларына дефектоскопия жасап, ықтимал апаттарды алдын ала болжау. Жөндеу жұмыстарын тиімді жоспарлау нәтижесінде экономикалық әсер 42 млрд теңге деп бағаланып отыр. Екі кейс те қазіргі уақытта нормативтік құжаттамаларын бекіту және кең ауқымда тарату кезеңінде тұр. Министрлік алдағы уақытта да салада ЖИ технологияларын жүйелі түрде енгізу жұмысын жалғастыра бермек.

"Таза Қазақстан", "Адал Азамат", "Заң мен Тәртіп": Жетісуда тақырыптық муралдар салынды

Жетісу облысында Республика күніне орай бір күнде тақырыптық үш мурал бір уақытта ашылды. Жоба Президенттің «Әділетті Қазақстан» идеологиялық бағдарламасы аясында өңір жастарының бастамасымен жүзеге асырылып, азаматтық жауапкершілікті, экологиялық мәдениетті және қоғамдағы әділдік қағидаттарын нығайтуға бағытталды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларының негізгі принциптерін насихаттау мақсатында салынған бұл муралдар Сарқан ауданының Сарқан қаласындағы, Қаратал ауданының Үштөбе қаласындағы және Көксу ауданының Балпық би ауылындағы көп қабатты үйлер қабырғасының көркін кіргізіп тұр.

— Біз үшін мурал — тек қабырғадағы сурет қана емес, өмірде қандай ұстанымдарды тандайтынымызды еске салатын маңызды жазба. Сондықтан салынған бұл муралдар қоршаған ортаға ұқыпты қарау



мен экологиялық мәдениетті дамыту арқылы тұрақты болашақ қалыптастыру идеясын, адалдық, жеке жауапкершілік және қоғам өміріне белсенді қатысу құндылықтарын, тұрақты әрі әділ мемлекет құруда заңның үстемдігі мен қоғамдық тәртіптің маңыздылығын көрсетеді. Тазалық сақтау, адал еңбек ету, заңды және адамдарды құрметтеу — қоғамды тұрақты әрі әділ ететін құндылықтар. Сондықтан біз болашағымызды күн сайынғы іс-әрекетіміз қалыптастыра деп сенеміз, — деді «Жетісу жастары» КММ директор Шәміл Ванкеев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісуда шекаралық аудандарды электрмен сенімді жабдықтау мақсатында ауқымды жобалар іске асырыла бастады



Жетісу облысында шекаралық аймақтар — Алакөл және Панфилов аудандарын электрмен сенімді жабдықтау мақсатында жоғары вольтты әуе желілері мен қосалқы станцияларды салу бойынша ауқымды жобаларды іске асыру басталды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бірінші кезеңде биыл «Ақши» қосалқы станциясы мен ұзындығы 56,8 шақырым 110 кВ электр желісі салынды. Соның нәтижесінде жазғы шомылу маусымында энергиямен жабдықтауда үзіліс болған жоқ. Ал екінші кезеңде жаңа «Көктүме» қосалқы станциясын және «Ақтоғай» қосалқы станциясына дейінгі 220 кВ 204 шақырым электр желісін салу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Жаркент-Қорғас агромерациясын дамыту үшін «Талдықорған-500» қосалқы станциясынан «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-ға дейін ұзындығы 250 шақырым 220 кВ электр желісін салу жоспарда бар. Биылғы жылы жалпы қуаты 34,6 МВт болатын екі су электр станциясының құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ осы жылы жеке инвестициялар есебінен Текелі, Талдықорған қалаларында жалпы қуаты 73 МВт болатын екі газ турбиналық станцияның бірінші және екінші кезеңдерін іске қосу басталды. Осылайша 2025 жылдың соңына қарай өңірдегі электр энергиясының қуаты шамамен 300 МВт-қа жетеді. Сонымен қатар 2028 жылға дейін қуаты 133,7 МВт, құны 114 млрд. теңге болатын тағы 8 су электр станциясының құрылысы жоспарланған.

Электр желілерінің тозуын төмендету бағытында да бірқатар шаралар қабылдауда. Бұл ретте «Облыста 13,8 мың шақырым электр тарату желілері мен 2,6 мың қосалқы станциялар бар. Электр желілері мен жабдықтардың 90%-дан астамы «ТАТЭК» АҚ-ы өңірлік электр желілік компаниясының жеке меншігінде. 2023-2024 жылдары «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы шеңберінде 140 шақырым электр желісі мен 7 қосалқы станция жаңартылды. 2025 жылы бекітілген инвестициялық жоспар аясында 146,8 шақырым электр желісі жаңартылады. Оған қоса Энергетикалық секторды жаңғыртудың ұлттық жобасы аясында «ТАТЭК» АҚ-ы 2026–2029 жылдар аралығында 1155 шақырым желі мен 6 қосалқы станцияны жаңартуды жоспарлап отыр, бұл өңірдегі желілік жабдықтардың тозуын 49,9%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді», — делінген басқарманың хабарламасында.

Электр энергетикасы саласын цифрландыру да назардан тыс қалған жоқ. Бүгінгі таңда Талдықорған қаласында абоненттерді электр энергиясын автоматтандырылған есепке алу жүйесімен қамтамасыз ету деңгейі 49%. Алдағы жылы 34 мыңнан астам интеллектуалды есептеу құрылғысын орнату жоспарланған, бұл облыс орталығын толық жабдықтауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта «ТАТЭК» АҚ 4,3 млрд. теңге көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр. Аталған шара электр энергиясын тұтынуды есепке алудың дәлдігі мен ашықтығын арттыруға, шығындарды азайтуға және абоненттерге қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Еске салсақ, өңірдегі энергетикалық нысандарының қазіргі жалпы қуаты 191,4 МВт.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісуда "Сарыөзек-Көктал" автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды



Жетісу облысында жалпы ұзындығы 178 шақырым болатын «Сарыөзек-Көктал» автожолының жөндеу жұмыстары аяқталды. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталып, бірнеше кезеңмен атқарылған болатын. Енді республикалық жол барлық талаптарға сай жасалды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан тұрғындары жөндеген жолдың сапасына ризашылығын білдіруде. Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің қиылыстарында жарықтандыру шамдары орнатылып, жол белгілері мен бағыттаушы көрсеткіштер жаңартылды. Көліктердің шамадан тыс жүк тасымалдауының алдын алу мақсатында «Сарыөзек-Көктал» автожолының 50-ші шақырымына автоматтандырылған салмақ өлшеу жүйесі орнатыл-

ды. Осындай жүйе жолдың 7-шақырымына, яғни «Алацем» цемент зауытының жанындағы учаскеге де орнатылуда.

— Жалпы алғанда қойылған барлық талаптар нормативтерге сәйкестендірілді. Сарыөзек елді мекені мен Алтынемел асуының арасында ауыр жүк көліктерінің қозғалысына арналған бөлек технологиялық жол салынды. 65-шақырымда карьерлер орналасқан және осы технологиялық жол арқылы техникалардың қозғалысы жүзеге асырылады, — деді «Қазавтожол» АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жасұлан Қалтаев.

«Сарыөзек — Көктал» тас жолы Қойбын шатқалындағы Көмбе өзені арқылы өтеді. Мұнда көлік қозғалысы үшін жаңа көпір қолданысқа берілді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың наурызында басталған. Сарыөзек, Қоңырөлең, Аққазық

ауылдарының жол жиегіне электр жарығы тартылып, жаяу жүргіншілер өткелі мен жол белгілері жаңартылған.

Атқарылған жұмыстарға аудан тұрғындары пікір білдірді.

— Бұрын жолдың ой-шұңқырынан көлікпен жүру өте қиын еді. Автокөлігіміз жиі бұзылып, қайта-қайта жөндеуге тура келетін. Оған қоса жол қауіпсіздігіне де алаңдайтынбыз. Қазір жол сапасы түзу, сапалы жасалды, — деді Алмас Мырзаев.

Қоңырөлең ауылының тұрғыны Бақыт Таштахметова да жолдың жөндегеніне риза: — Қазір жол жиегіне жаяу жүргіншілер жолы салынды, Көктал ауылының бұрылысына дейін жарықтандырылды. Кешкілік маңай жарық, еркін жүріп-тұруға болады. Оған қоса ауылға келетін жедел жәрдем жұмысына да қолайлы болды. Ауылға кешкі уақытта Көктал ауылынан шақырылатын жедел жәрдем көлігі бұрын шамамен бір сағаттан артық уақытта жететін, қазір жол жөндегеннен бері небары 30-35 минутта келеді, — дейді ол.

Атап өтсек, соңғы үш жылда Жетісудың Кербұлақ және Панфилов аудандарының аумағындағы республикалық маңызы бар жалпы ұзындығы 241 шақырым жол жөндеді. Атқарылған жұмыстар жол жабынын белгіленген нормативтік талаптарға сай жақсы техникалық күйге келтіруге мүмкіндік берді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Ел еңбегін ескерген елдігіміз



«Ерен еңбегі үшін» медалі – халқымның сенімі мен елдің құрметі. 25 қазан – Республика күні. Бұл күн – ел тәуелсіздігінің рухын асқақтатып, мемлекеттіліктің мәнін айшықтайтын ең қастерлі мерекелердің бірі. Мен үшін биылғы Республика күні ерекше есте қалмақ.

Осы айтулы мереке қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым. Марапатты Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевтың қолынан алу – мен үшін үлкен құрмет әрі зор жауапкершілік болды.

Бұл марапат – менің ғана емес, менің еңбек жолыммен бірге жүрген барша әріптестерімнің, шәкірт тәрбиелеуге бар күш - жігерін арнаған ұстаздар қауымының еңбегіне берілген баға деп білемін. Бүгінгі жетістік – ұжымның бірлігі мен елдің қолдауының жемісі.

Мен үшін бұл марапат – тек қуаныш емес, сонымен бірге халыққа адал қызмет етуге деген сенім мен жігерді еселей түсірген сәт. Ұстаздық –

ұлттың болашағына салынған іргетас. Сондықтан әр шәкірттің бойына елжандылық пен адамгершілікті ұялатып, Тәуелсіз еліміздің дамуына үлес қосу – ең басты парызым деп білемін.

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясы – менің өмірімнің бір бөлігі, ал осы ұжыммен бірге жеткен әр жетістік мен үшін мақтаныш. Біз балаларды біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың жүрегіне отаншыл рух пен ұлттық сана дәнін себеміз.

Республика күні – біздің елдігіміздің, өңсеміздің биіктігін көрсететін мерейлі мереке.

Осы күні алған марапатым – елім мен ел Президентіне деген шексіз ризашылықтың, Тәуелсіздікке деген құрметтің белгісі.

Республика күні құтты болсын, туған елім!

Көк туымыз көкте желбіреп, ел еңбегі елене берсін!

Данияр АХМОЛДАЕВ,
Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының директоры,
Жетісу облыстық мәслихат депутаты.

Республика күні – ұлттық татулық пен жаңа дәуірге қадам

Еліміздің айбынды мерекелерінің бірі – Республика күні ауданымызда да кеңінен аталып өтті. 25 қазан – халқымыздың мемлекеттілігінің, егемендік пен елдік ұстанымының бастауы болған ерекше күн. Осыған орай аудан орталығындағы «Молықбай Байсақұлы» атындағы мәдениет үйінде салтанатты

Берік Тынышбаев сөз сөйлеп, аудан жұртшылығын Республика күнімен шын жүректен құттықтады. Ол өз сөзінде мерекенің маңыздылығына тоқталып, ауданның әлеуметтік – экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтті.

Республика күні – халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын жүзеге асырған



жиын ұйымдастырылып, оған аудан әкімі Берік Тынышбаев, ардагерлер, мекеме басшылары мен қызметкерлері, жастар және аудан тұрғындары қатысты.

Егемендікке бастар тарихи белес болған осы күн – ұлттық рухымызды көтеретін күнге айналды. 1990 жылғы 25 қазан – Қазақ халқының тарихында жаңа дәуірдің бастауы. Дәл осы күні қабылданған Қазақ КСР - інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация еліміздің тәуелсіздікке бет алғанын айқындаған тарихи құжат болды. Ол қазақ елінің өз тағдырын өзі айқындауға, мемлекеттік билік пен экономикада дербес саясат жүргізуге жол ашты.

Сол себепті Республика күні – біздің елдігіміздің іргетасы, мемлекетшілдіктің бастауы ретінде ұлттық санамызда айрықша орын алады.

Мерекелік жиында аудан әкімі

ұлы күн. Бұл мереке елдің азаттығы мен тұтастығын, бейбіт өмір мен бірліктің қадірін сезінуге үндейді. Тәуелсіз елдің әрбір азаматы ел дамуына өз үлесін қосуға міндетті. Өйткені, елдің ең үлкен байлығы – бірлігі мен еңбексүйгіш халқы, – деді әкім өз құттықтауында.

Жиын барысында аудан өміріне белсене атсалысып, қоғам дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматтар «Құрмет Грамотасымен», «Алғыс хатпен» марапатталды. Бұл марапаттар ауданның өркендеуіне еңбегі сіңген азаматтарға көрсетілген лайықты құрмет ретінде қабылданды.

Салтанатты шараның соңы – рухты оятқан өнер мерекесіне ұласты. Олай дейтініміз, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары мен шығармашылық ұжымдары көрермендерге арнап мерекелік концерттік бағдарлама ұсынды. Олармен бірге мерекеге арнайы келген өнер жұлдыздары



Бауыржан Түркістанұлы мен Дәурен Оқапов әсем әннен шашу шашты. Ән мен күйге, би мен жырға толы бұл концерт көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Патриоттық рухтағы әндер, халықтық билер мен домбыра күйлері елдің рухын көтеріп, Тәуелсіздікке деген мақтаныш сезімін ұялатып, жұртшылықтың зор ықыласына бөленді. Кеш соңында қатысушылар көтеріңкі көңіл күймен естелік суретке түсіп, мерекенің мәнін сезіне түсті.

Иә, Республика күні – бұл жай ғана тарихи дата емес. Ол – ел тағдырын, халық бірлігін, мемлекет тұтастығын айғақтайтын рухани символ. Бүгінде еліміз саяси тұрақтылық пен татулықтың, экономикалық өрлеу мен мәдени жаңғырудың айқын үлгісіне айналып отыр. Мұндай жетістіктің негізінде – елдің ынтымағы мен еңбекқор халқының қажырлы еңбегі жатыр.

Міне, сондықтан бұл мереке – әр қазақстандықтың жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатып, елге деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті арттыра түсетіні шындық. Себебі, Республика күні – өткенге тағзым, бүгінге шүкіршілік, болашаққа сенім мерекесі.

Ауданымызда өткен бұл мерекелік шара елдік пен бірліктің, еңбек пен рухтың салтанаты болды.

Республика күні – мемлекетіміздің мәңгілік ел болуға деген ұмтылысының айғағы, ал оны атап өту – ұлттың рухын асқақтатудың бір

Көк ту көкте қалықтағанда...

Ел бірлігі мен рухының мерекесі 25 қазан – Республика күні еліміздің әр түкпірінде кең көлемде аталып өтті. Осы мерекеге орай аудан орталығындағы Ту алаңында салтанатты Ту көтеру рәсімі ұйымдастырылды. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен отансүйгіштік рухты дәріптеген бұл шара Жетісу облысының барлық аудан, қала орталықтарында бір уақытта өткізілді.

Салтанатты жиынға аудан әкімі Берік Тынышбаев, аудандық мекемелердің қызметкерлері, ардагерлер мен жастар және ауыл тұрғындары қатысты. Шара барысында алдымен Мемлекеттік Гимн шырқалып, көк аспанда қалықтаған қасиетті Ту көтерілді. Бұл сәт қатысушыларға ерекше рух, мақтаныш сезімін сыйлады. Иә, әуеліп шырқалған Мемлекеттік Гимннің әуені аспанды жаңғыртқанда, көптің жүзіне мақтаныш пен тебіреніс сезімі ұялағандай. Көк аспанға баяу көтерілген қасиетті Ту – елдің еңсесі, ұлттың рухы іспетті биіктей түсті. Осы сәтте көптің көзі Көк Туға қадалды. Желмен бірге тербелген Ту елдің жарқын болашағына, бірлігі мен берекесіне үн қатқандай еді.

Салтанатты шараны аудан әкімі Берік Тынышбаев ашып, жиналған жұртты Республика күнімен құттықтап, мерекенің маңыздылығына тоқталды:

– Республика күні – бұл Тәуелсіз еліміздің тұғыры



биіктеген, халқымыздың бірлігі мен ынтымағының айғағы. Егемен ел болудың ең басты нышаны – мемлекеттік рәміздерге деген құрмет пен патриоттық сезім. Бүгінгі Ту көтеру рәсімі – сол бірліктің, елдік рухтың көрінісі, – деді. Салтанатты жиында аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев ақ батасын беріп, ел мен жұрттың амандығын тіледі. Ал, шара соңында ақ әжелер жеті нан таратып, береке мен бірліктің нышанын көрсетті.

Мерекелік көңіл - күйді аудан өнерпаздары орындаған патриоттық әндер одан әрі арттыра түсті. Әсем әуен мен шынайы ықылас ел рухын асқақтатып, қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

Республика күні – халқымыздың еркіндікке ұмтылысы мен егемендік жолындағы ерлігін еске салып, келер ұрпақты елін сүюге тәрбиелейтін мерейлі мереке. Осындай шаралар арқылы елге, жерге, Туға деген құрмет арта түседі. Көк ту көкте желбіреген сайын, ел рухы да биіктей түседі. Бұл күн – бірліктің, бейбіт өмірдің, азаттықтың айғағы, өткенге тағзым, келешекке сенім.

Осылайша аудан орталығындағы Ту алаңы ел тәуелсіздігін ұлықтаған жүректердің жиналған нүктесіне айналды.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЖҰМЫССЫЗ ЖҮРГЕН ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ



Мемлекеттік жастар саясатының қажеттігі жас өркеннің өмірге қадам басып, қоғамда өз құқығын иелеумен, оның алдында жауапкершілік арқалау сәтінде бетпе-бет келетін өмір мәресінің қиындықтарымен айқындалады.

Жастар саясатын қалыптастыра отырып, мемлекет жастардың келешекте маңызды салмаққа ие болар халықтың бірден-бір белсенді тобы екендігін ескереді. Мұның өзі жастардың мемлекет құрылысындағы рөлі мен орнын жете бағаламауға жол бермеуді көздейді. Жастар жұмыссыздығы бүгінгі қоғамдағы – өзекті мәселе. Жұмыссыздықтың негізгі себептері: тәжірибенің жетіспеуі, еңбек нарығына сай келмейтін мамандық таңдау және ақпараттың жоқтығы.

«Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар

бірлестігі 2025 жылға арналған «Ауылдағы азаматтық бастамаларды дамыту» басым бағыты бойынша жариялаған байқауға «Жансүгіров» қоғамдық қоры қатысып «Жұмыссыз жастарға қолдау көрсету» жобасы бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуде. Басты мақсат жастарға мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер туралы ақпарат беру. Осы жоба аясында қоғамдық қор Мансап орталығы, «Атамекен ҚР ҰКП» Жетісу облысының кәсіпкерлер палатасының Ақсу аудандық филиалы, аудандық кәсіпкерлер бөлімі, жастар ресурстық орталығы және ауылдық округ әкімдерімен бірлесе отырып елді мекендерде жастармен кездесу өткізіп жан-жақты түсіндіріп ақпарат беруде. Кездесуде жастарға әдістемелік құралдар да тартылды.

К.ДӘУЛЕТБЕКОВА,
қор президенті.

АҢЫЗ ӘЙЕЛ ФАТИМА

«МЕНИҢ СЕНІ СҮЮІМ – ӨЗІМЕ ТАҢДАУЛЫ, ТАУАНДЫ МАХАББАТ».
(ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ.)



Илияс Жансүгіровтің жары Фатима Ғабитова деген ықыласы ерекше еді. Фатима Ғабитова 1903 жылы 14 қазанда бұрынғы Талдықорған облысы, Қапал қаласында білімді, тәрбиелі отбасында туған, соның арқасында жасынан орыс қыздар мектебінде, татар медресесінде екі тарау білім алып, ол кездегі Жетісуға ауып келген неміс интеллигенттерінен немісше, французша оқып, батыс әдебиетінен де хабардар болған. Орынбордағы «Хусания» медресесін тәмамдап, 1918 - 1920 жылдарда Қапалда мұғалімдік қызмет атқарған. 1920 - 1922 жылдарда Жетісуда ашылған сауатсыздықты жою мектептерінде ұстаздық қызметте болған. 30 жыл мұғалім болды.

1932 жылы Илияс пен Фатима отбасын құрады. Фатима Илиясты тек жар ретінде ғана емес, сенімді дос-жолдас, абзал аға, рухани серік ретінде қабылдады.

Илиястың Фатимаға деген ықыласы ерекше еді. Фатимамен отасқан кезі оның ең бақытты және шабытты шағы болды. Осы тұста оның қаламынан түрлі жанрда, көркемдігі келіскен сан алуан шығармалар жарық көріп, елге кеңінен танылады. Оның шығармашылық тұрғыдан шарықтап өсуінің, білімінің тереңдеп, ақыл - ойының өмір тәжірибесімен байып кемелденуінің, қызмет бабында тасы өрге домалап, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болып, көрші елдердің маңдай алды жазушыларымен қоян-қолтық араласқан шабытты шағы еді.

«Өз заманының ажары, зиялы қауымның құрметіне, сүйіспеншілігіне бөленген, алғыр ойлы, ақылды әйел - ананың таланты да, талғамы да биік Фатима Ғабитованың Илияс Жансүгіровтей жанын жүрегінен ерекше орын алуы таңғаларлық нәрсе емес», - дейді Егеубек Далбабаев.

Фатима Ғабитова Илиястың 1957 жылы ақталуын және еңбектерінің жарық көргенінің куәсі болып, 1968 жылдың 6 қаңтарында асқан ауруымен науқастанып, көз жұмды. Ол кісінің сүйегі Алматыдағы Кеңсай зиратында. Зиратты өз қолымен баласы Болат Ғабитов тұрғызған.

Фатиманың өмір жолы - таусылмас тағдыр күресінің айғағы. Ол өз балаларын бөліп жармай тең сүйіп, барлығына аналық махаббатпен қарады. Өзінің естелігінде ол:

«Менің саналы өмірімнің барлығы қазақ жастарын оқытуға арналғандай жайы бар. Мен - оқытушы, әдебиетші болумен бірге, жеті баланың анасымын. Балаларым - қазақ халқының аяулы, ардагер үш ұлдарың ұрпақтары. Жәнібек, Азат дейтін ұлдарымның, Фарида дейтін қызымның әкесі - Жетісуда тұңғыш қазақ мектептерін ашқан, өз дәуірінің белді, беделді халық ағартушысы Біләл Сүлеев. Үміт, Ильфа дейтін екі қызымның және Болат дейтін ұлымның әкесі - осы күнге дейін қазақ поэзиясында алдына жан салмаған ақын Илияс Жансүгіров. Кенже ұлым Мұраттың әкесі - Мұхтар Әуезов», - деп өз өмірі жайлы сыр шертеді. (Ғабитова Ф. Өртенде өнген гүл. Алматы: Атамұра, 1998ж.)

Осындай үш арыстың балаларын өсіріп-тәрбиелеу айтуға ғана оңай. Бұл жол - ғұмырлық күрес жолы еді. Шынымен, әкелері бөлек болса да, бір ана махаббатына бөленіп өскен балаларын Фатима Ғабитова әрқашан татулыққа, ынтымаққа, бірлікке шақырған. Соның дәлелі ретінде сіздерге Фатима Ғабитованың балаларына жазып қалдырған өсиетін таныстырып өтсем:

Менің ғазиз балаларым!

Сендерге алдымен тапсырамын:

1. Өзді - өзің тату болыңдар.

2. Араларыңдағы мұқтаждарыңа ұдайы жәрдемдесіп тұрыңдар.

3. Жалқаулықтан қашыңдар.

4. Бүгін бітетін шаруаны ертеңге қалдырмаңдар.

5. Адамды төмен қылатын өтірік - өсек, мақтан, жалпақтық сендерде болмасын.

6. Уәдеге берік болыңдар; уәде берер де ойлаңдар. Орындай алатын болсаңдар ғана уәде беріңдер!

Сендерге аналық өсиетім - осы!

Фатима.

20.10.1965.

Фатима Ғабитованың ұрпақтарына қалдырған аналық аманаты - барлық жанға өмірлік бағдар боларлық құнды өсиет.

Осы өсиетінен бөлек, Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров әдеби музейінде Фатима Ғабитованың «Алыптар тағдыры», «Өртенде өнген гүл» сынды кітаптары мен Ильфа Илиясызғы сыйға берген Фатима Ғабитованың тұтынған бұйымдары: 1946 жылы «Ерен еңбегі үшін» берілген медаль, өзі қолданған қолғабы, орамалы, кестелі дастарханы, жасауына берілген Германияда жасалған фарфор ыдыс-аяқтар, т.б заттары сақтаулы тұр. Бұдан бөлек келесі бір құнды жәдігерді музей қорына 2024 жылы Болат Жансүгіровтің жұбайы Қаңтарбаева Қарлығаш Мехметқызы музей меңгерушісі Нұргүл Қызырбекқызына Алматы қаласына барған іс-сапарында арнайы табыстады. Бұл хатта ол ұлы Болат пен болашақ келіні Қарлығаштың отау құруына келісімін білдіріп, олардың шаңырағының берекелі боларына сенім артқан. Хат 1966 жылдың 21 - мамыр айында Алматы қаласында Фатима Ғабитованың өз қолымен жазылған екен. Хаттың мәтіні төмендегідей:

Құрметті Гүлбану ханым, сізге бұл хатты жазып отырған Ғабитова Фатима - Илияс Жансүгіровтің әйелі. Кеше (20-мамыр) менің алдыма ұлым Болатпен бірге Сіздің қызыңыз Қарлығаш келіп өздерінің қосылуларына менен рұқсат сұраумен бірге, Сізге өздерінің осы жайларын жазуымды өтінді. Өздерінің сіздің алдыңызға барып рұқсат сұрауларына жердің шалғайлығын және өздерінің бір күнде бос еместіктерін айтты.

Мен қосылуларына рызашылық білдірдім. Сіздің де екі жастың ізгі ниетпен қосылуларына рыза болуыңызға сенемін.

Фатима Ғабитова.

21.05.1966 ж.

Алматы.

Қорытындылай келе, Фатима Ғабитова - қазақ халқының тарихында ерекше із қалдырған, парасат-пайымы биік, рухы асқақ тұлға. Ол - білімді ұстаз, данагөй ана, ел сүйген абзал азаматтардың серігі болған аяулы жар. Қазақ зиялыларының өздері Фатиманы аса жоғары бағалап, оның сұлулығы мен зеректігін жырға қосқан. Ахмет Байтұрсынов: «Тағдыр қалап егерде, жүз көз берсе құдірет, жүзі де сізге қарар еді...» десе, Міржақып Дулатов: «Өз өмірімде көрген сүйкімді сұлу!» - деп тамсанған.

Алайда, өмір Фатиманы еркелетпеді - қос бірдей жарының атылып кетуі, қызының қазасы, бес баламен жалғыз қалуы - мұның бәрі нағыз рухани төзімділік пен батылдықты талап ететін жол еді. Ол - өз тағдырымен де, еңбегімен де, ұрпақ тәрбиесімен де қазақ әйелінің шынайы бейнесін айқындап берген, тарихта аты қалған тұлға.

Аида ҚҰНАНБАЙҚЫЗЫ,
І.Жансүгіров әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері.

Биылғы жыл еліміздің еңбек майталмандары үшін айырықша мәнге ие. Мемлекетіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары» жылы деп жариялады. Бұл - елдің өндірісін өркендетіп, шаруасын шалқытып отырған қарапайым еңбек адамдарына деген құрметтің белгісі.

Бүгінгі таңда әлем қарқынды дамып, жаңа технологиялар мен жасанды интеллект дәуіріне қадам басқанымен, адамның қол еңбегі мен кәсіби шеберлігінің маңызы ешқашан жойылған емес. Зауыттағы токарьдан бастап теміржолдағы дәнекерлеушіге, құрылыс алаңындағы шеберден бастап ауылдағы механизаторға дейін - бәрі ел экономикасының берік діңгегі.



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ - ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Еңбек - өркениет өзегі. Ел Президенті өз сөзінде: «Елдің байлығы - жерінде емес, ең алдымен еңбекқор халқында» деген еді. Расында да, бір елдің дамуы тек табиғи ресурстарға немесе технологиялық жаңалықтарға ғана емес, оны жүзеге асыратын шебер мамандардың қолына тікелей байланысты.

Жұмысшы мамандықтары - ұлттың индустриялық жүрегі. Құрылысшылардың қолымен қалалар бой көтеріп, дәнекерлеушілердің еңбегімен темір жолдар мен көпірлер жалғасуда. Ауыл еңбеккерлері - елдің азық - түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етушілер. Олар - көзге көп көрінбейтін, бірақ қоғамның тынысын ұстап тұрған үнсіз батырлар. Яғни, жас буынға - еңбек өнегесі.

Бүгінгі жастардың көбі заманауи кәсіптерге ұмтылғанымен, нақты өндірістік мамандықтардың қадірі кемімеуі тиіс. Себебі, инженер, шебер, механик, электрик, аспаз, тігінші,

білім беру жүйесі жаңарып, дуальды оқыту моделі енгізілуде. Бұл - жас мамандардың оқу орнында теорияны меңгеріп, өндіріс орнында тәжірибе жинақтауына зор мүмкіндік.

Еңбек адамы - елдің ертеңі. Бүгінгі мердігер, шебер, дәнекерлеуші немесе электрик - ертеңгі ірі кәсіп иесі, тіпті өз ісінің басшысы болуы әбден мүмкін. Еңбекқорлық пен адалдық - табыстың бастауы. «Жұмысты сүйген адамның еңбегі жанбай қалмайды» дейді дана халқымыз.

Сондықтан «Жұмысшы мамандықтары» жылы - еңбек адамын ұлықтайтын, қоғамның көзқарасын өзгертіп, жастардың бойына еңбекке құрмет сезімін сіңіретін ерекше жыл болмақ. Бұл бастама - әрбір қазақстандыққа еңбекке адал көзқарас қалыптастыруға, өндірістегі шеберлердің мәртебесін көтеруге арналған.

Еңбек - елдің еңсесін көтеретін ұлы күш. Жұмысшы - сол еңбектің символы, халықтың жүрегі.



жүргізуші сынды мамандарсыз өмірдің бір саласы да алға жылжымайды.

Колледждер мен кәсіптік лицейлер - нағыз еңбек мектебі. Мұнда тек мамандық ғана емес, өмірлік ұстаным, табандылық, тәртіп, еңбекті сүю сынды қасиеттер қалыптасады.

Мемлекет жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру бағытында жүйелі қадамдар жасап келеді. Кәсіптік

Олай болса, биылғы жыл барша жұрттың назарын еңбек адамына аударып, олардың еңбегін құрметтеуге, қадірін арттыруға мүмкіндік бермек.

Еңбек еткеннің еңсесі биік, маңдай тер төккеннің мерейі үстем!

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
"Ақсу өңірі" ЖШС директор - бас редакторы.

Мерекелік марафон – бірлік пен сергектіктің бастауы



Республика күні қарсаңында 24 қазан күні ауданымызда бұқаралық спортты дамыту және тұрғындар арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында кең ауқымды мерекелік марафон ұйымдастырылды. Шараны «Облыстық бұқаралық - спорттық іс - шараларды өткізу орталығы» КММ - нің Ақсу аудандық бөлімшесі мен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Марафонның бастау нүктесі болып Е.Сықымов атындағы орталық стадион таңдалып, мерекелік көңіл күй таңсәріден-ақ сезілді. Таңғы салқын самалмен астасқан спорт рухы аудан орталығын ерекше сергектікке бөлеп, көк ту желбіреген алаңда

жүзден астам адам бір мақсатқа – мерекені қозғалыспен қарсы алуға жиналды.

Марафонға барлығы 150 адам қатысып, олардың қатарында мектеп оқушылары, жастар, мекеме қызметкерлері және спорт ардагерлері болды. Жас ерекшеліктері әртүрлі болғанымен, барлығының жүрегінде – ел мерекесіне деген құрмет, отаншылдық сезім мен жеңіске деген жігер бар.

Тіпті алпысты алқымдаған ардагерлер де жастармен бірге қатар жүгіріп, ұрпақ сабақтастығы мен белсенді өмір салтының үлгісін көрсетті.

Қатысушылар өз дәрежесіне сай нөмірлік белгілерін алып, 300 метрлік қашықтыққа жарысқа түсті. Стадионнан бастау алған марафон орталық саябақты айнала өтіп,

Орталық алаңда мәре сызығын кесті. Әр қатысушының бойында қуаныш пен мақтанш сезімі, ал жүздерінде – мерекенің шынайы шаттығы байқалды.

Мәреге бірінші болып жеткен арасандық спортшы Абеуов Абзал жастар арасында I орынды иеленді. Оның жеңісіне ешкім шек келтіре алмайды. Себебі, барлық қатысушыларды жарты жол артқа қалдырып, мәре сызығын дара кесті. Орта жас аралығында Қаракөз ауылынан қатысқан Елдос Мықтыбаев пен аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов мәреге үзеңгі қағыстыра жетіп, I - II орындарды бөлісті. Спорт ардагерлері, яғни, 60 жастан жоғары қатысқандар арасында Асхат Молдабергенов пен Дәуболат Нүсіпов, I орынды жеңіп алып, жүзден жүйрік шықты. 14 - 17 жаста Әбітай Олжас, 35 - 49 жаста Саят Маңызбаев алдыңғы орыннан көрінді. Әйелдер арасында 18 - 34 жас Нүсіпхан Зейнеп, 35 - 49 жас арасында Жазира Қалиасқарова, 50 - 59 арасы мен ардагерлер ішінен Шынар Сәтбекқызы топ жарды. Жеңімпаздар арнайы бағалы сыйлықтармен, медальдармен және Дипломдармен марапатталды. Бұл марапаттар олардың тек спорттық шеберлігінің емес, ел мерекесіне деген рухани қатысуының да айғағы болды.

Сонымен қатар марафонға қатысқан барлық азаматтарға арнайы сертификаттар табысталды. Бұл – олардың белсенді өмір салтын ұстанып, мерекелік шараға үлес қосқан еңбегіне берілген лайықты құрмет.

«Салауатты өмір – елдің сергек болашағы» десек, осы салауаттылықты насихаттайтын бұл шара, мерекелік марафон ел арасында зор қызығушылық туғырып, қатысушылар мен көрермендердің көңілінен шықты. Шара барысында көтеріңкі көңіл күй, достық пен татулық атмосферасы орнады.

Спорттық дода – тек жарыс ғана емес, ел бірлігін, ынтымақ пен сергектікті дәріптейтін мерекелік рухтың көрінісі болды.

Республика күні – елдің тәуелсіздігін, еркіндігін сезінетін қасиетті күн. Біз бұл мерекені спорт арқылы атап өтуді дәстүрге айналдырудамыз. Себебі, салауатты өмір – мықты мемлекет пен дені сау ұлттың кепілі, – деді жарыс ұйымдастырушыларының бірі, аудандық спорт бөлімінің өкілі.

Марафонның соңында қатысушылар ортақ естелік суретке түсіп, мерекелік көңіл күйде тарқасты.

Республика күніне арналған марафон – тұрғындардың белсенділігін арттырып қана қоймай, елдің бірлігі мен ынтымағын айшықтаған айтулы шара болды. Осындай игі бастамалар арқылы аудан халқы мерекенің мәнін сезініп, Тәуелсіздік рухын сергек қимылмен, шат көңілмен қарсы алды.

Асхат САУҒАНБАЕВ,
«Облыстық бұқаралық - спорттық іс - шараларды өткізу орталығы» КММ - нің Ақсу аудандық бөлімшесінің басшысы.



Кітапханашы - руханияттың шырақшысы, мәдениеттің дәнекері

Әлемнің ең бай қазынасы – білім. Ал, білімнің қайнар көзі – кітап. Ал, сол қазынаның кілтін ұстап, рухани байлыққа жол сілтейтін жандар – кітапханашылар. Әрбір оқырманды іздеген кітабына жеткізетін, жүрегіне жарық, санасына нұр сыйлайтын осы бір мамандық иелерінің еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ қоғам үшін аса қымбат еңбек.

Кітапханашы – тек кітап сақтаушы емес. Ол – руханияттың шырақшысы, тарихтың куәгері, мәдениеттің дәнекері. Кітапхананың іші – тыныштық мекені, ал кітапханашының үні – сол тыныштықтағы даналықтың әуені. Ол мыңдаған кітаптың иісін сезіп, әр беттен тарихтың демін естиді. Әр оқырманға бағыт-бағдар беріп, олардың өміріне әсер етер бір сөйлем, бір ой тауып беруге ұмтылады.

Бүгінгі заманда ақпарат ағыны тасқындап жатқанда, кітапханашының рөлі бұрынғыдан да биіктей түсті. Ол – шексіз ақпарат арасынан нағыз білімнің дәнін електен өткізетін сарапшы, рухани бағдар беруші. Кітапханашының жылы жүзінен, ізгі ниетінен оқырман шабыт алып, жаңа әлемге жол ашады.

Кітапханашылар күні – бұл еңбектері елеусіз қалған руханият майталмандарына құрмет көрсету күні. Олар – болашақ ұрпақтың ой-санасын қалыптастырып, адамзат мәдениетінің алтын көпірін ұстап тұрған жандар.

Бүгінгі мереке күні барлық кітапханашыларға шексіз алғыс білдіреміз! Еңбектеріңіз жемісті, кітап сөрелеріңіз толы, оқырмандарыңыз көп болсын.

Кітаптың иісі мен даналықтың сәулесі ешқашан өшпесін!

Құрметті әріптестер, ауданның кітапханашылары! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер – руханияттың шамшырағы, білім мен мәдениеттің алтын көпірін жалғап келе жатқан қадірлі жандарсыздар. Кітапқа деген сүйіспеншілікті оятып, оқырманды даналыққа жетелейтін еңбектеріңіз – өлшеусіз.

Кітапхананың әрбір сөресі сіздердің қамқорлықтарыңызбен рухани байлыққа айналып, талай жастың жүрегіне ізгілік дәнін септі. Қай кезде де оқырманға бағыт - бағдар беріп, мәдениет пен білім ордасының абыройын асқақтатып жүрген еңбектеріңізге алғыс айтамыз!

Еңбектеріңіз жемісті, өмірлеріңіз мәнді де сәнді болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбасылық амандық, шығармашылық табыс тілейміз. Оқырманның алғысы мен кітаптың иісі өмір бойы серік болсын!

Мереке құтты болсын!

Айна ЕЛУБАЕВА,
аудандық орталық кітапханасының директоры.

Кітапхана - руханият ордасы

Кітапхана – руханият ордасы, Кітап – елдің рухани жолдасы. Онда өткеннің үні жатыр жаңғырып, Болашақтың үміті бар ойлашы.

Сондықтан кел, есігін аш жас ақын, Тағдырыңа жаңа бағыт ашасың. Парақтарың ашқан сайын кітаптың, Қарақтарың, білім нәрін татасың.

Араласаң кітапхана сөресін, Өз жаныңның тереңдігін сезесің. Адам миы үлкен кинотеатр – Оқи тұрып жанды кино көресің.

Тыныштық пен терең ойдың мекені, Елге мәлім - кітапхана екені. Кел де оқы, болашақпен салыстыр, Бабалардың жазған хатын кешегі.

Кітапхана - даналықтың ұясы, Мұнда ашылар балалықтың қиясы. Із қалдырған тұлғалардың үні мен, Бүгінгі бар кеппей тұрған сиясы.

Оқырманың даналыққа жетелер, Бұл жерде бар жаны жайсаң көкелер. Кітапханашы деп атайды оларды, Ақылыңды ақылымен еселер.

Төл мерекең құтты болсын ендеше, Өздеріңе бас иеді әсер ел.

Ербол СЫМХАНОВ.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Қоғам дамуының, ел тұрақтылығының және азаматтардың қауіпсіз өмір сүруінің басты кепілі – заң мен тәртіп. Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттің заңдарын құрметтеп, қоғамда қалыптасқан құқықтық мәдениетті жоғары деңгейде ұстануы – елдің өркениетті болашағының көрсеткіші.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде заңға бағыну, құқықтық сауаттылық пен азаматтық жауапкершілік – әрбір тұлғаның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс. Себебі, мемлекет пен қоғамның дамуы тек экономикалық көрсеткіштермен емес, ең алдымен азаматтардың құқықтық мәдениетімен өлшенеді.

Заң – тәртіптің тұғыры, қоғам өмірінің айнасы. Ол елдің ішкі тұрақтылығын сақтап, азаматтардың еркіндігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы әрдайым атап өткендей, әділдік пен заң үстемдігі орнаған елде ғана тұрақты даму мен қоғамдық келісімге қол жеткізуге болады. Сондықтан әрбір қазақстандық заң талаптарын орындап, құқықтық тәртіпті сақтау ісіне өз үлесін қосуы қажет.

Жастардың құқықтық санасын қалыптастыру – біздің басты міндетіміз. Қапал кәсіптік техникалық колледжінде тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі – студенттердің құқықтық мәдениетін арттыру. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстар азамат. Сондықтан оларға заңға құрметпен қарауды, өз құқықтары мен міндеттерін білуді үйрету – біздің ортақ парызымыз. Колледжде түрлі тәрбиелік шаралар, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, кездесулер өткізіледі. Бұл іс - шаралар жастардың заңды сыйлауына, тәртіпті болуына, қоғамға жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Әрине, тәртіп бар жерде – табыс бар. Ал, тәртіп – кез келген ұйымның, мекеменің және қоғамның даму кілті. Тәртіп пен жауапкершілік қатар жүрсе, ол ортада сенім мен сыйластық орнайды. Әсіресе, білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп пен этикалық нормаларды сақтау – жастарға үлгі, тәрбиенің бір көрінісі. Сондықтан «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп бекер айтылмаған.

Заңға бағыну – елге қызмет етудің ең жоғары түрі. Заңды құрметтеу – мемлекеттің болашағына деген құрмет. Әр азамат өз ісінде адал, өз қоғамына пайдалы болуға ұмтылса, ел іргесі мызғымайды. Заң үстемдігі орнаған ортада әділдік пен сенім салтанат құрады.

«Заң мен тәртіп – елдің айбыны, ұлттың рухы» деп айтсақ, қателеспейміз. Сондықтан қоғам мүшелері, әсіресе, жас буын, құқықтық сауаттылықты арттырып, заңды құрметтеу мәдениетін өмірлік қағидаға айналдыруы тиіс. Бұл – біздің ортақ мақсатымыз, жарқын болашаққа бастайтын жол.

Сандуғаш БАЯНОВА,
аудандық мәслихат депутаты, Қапал кәсіптік техникалық колледжінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,

2025 жылдың 01 желтоқсанынан 22 желтоқсан күнін қоса алғанға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің №6 кабинетіне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2025 жылдың 22 желтоқсаны 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2025 жылдың 23 желтоқсан күні, 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, № 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
- 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
- 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
- 4) конкурстық ұсыныс;
- 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауылшаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
- 3) ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2025 жылғы «23 желтоқсанға» дейін** ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Балл бонитеті	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Матай ауылдық округі	1398,69	Жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
2	Матай ауылдық округі	1000,0	Жайылым	Ащық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
3	Матай ауылдық округі	1000,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
4	Матай ауылдық округі	537,0	Жайылым	Шалғынды-сұр топырақты сортаңды шалғынды-сұр топырақты	3	Қажет емес	Мамандандырылған
5	Матай ауылдық округі	500,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
6	Матай ауылдық округі	500,1	Жайылым	Ащық құмды сұр топырақты шалғынды-сұр топырақты құмды	2	Қажет емес	Мамандандырылған
7	Матай ауылдық округі	600,0	Жайылым	Ащық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	3	Қажет емес	Мамандандырылған
8	Матай ауылдық округі	560,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
9	Матай ауылдық округі	549,3	Жайылым	Ащық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
10	Матай ауылдық округі	750,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземалар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
11	Матай ауылдық округі	748,8	Жайылым	Ащық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	2	Қажет емес	Мамандандырылған
12	Матай ауылдық округі	719,78	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	6	Қажет емес	Мамандандырылған
13	Матай ауылдық округі	288,0	Жайылым	Шалғынды-сұр топырақты сортаңды шалғынды-сұр топырақты	5	Қажет емес	Мамандандырылған
14	Матай ауылдық округі	630,0	Жайылым	Түйнекті бекітілген құмдары бар жеңіл құмды сероземалар	5	Қажет емес	Мамандандырылған
15	Матай ауылдық округі	530,0	Жайылым	Ащық құмды сұр топырақты шалғынды-сұр топырақты құмды	6	Қажет емес	Мамандандырылған
16	Матай ауылдық округі	460,0	Жайылым	Ащық құмды сероземдермен бекітілген дөңесті құмдар	5	Қажет емес	Мамандандырылған
17	Матай ауылдық округі	1499,35	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған
18	Матай ауылдық округі	685,0	Жайылым	Ащық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған
19	Матай ауылдық округі	1080,0	Жайылым	Жеңіл құмды сероземдермен әлсіз бекіген дөңесті құмдар	8	Қажет емес	Мамандандырылған
20	Матай ауылдық округі	1082,0	Жайылым	Ащық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған
21	Матай ауылдық округі	2400,0	Жайылым	Ащық құмды сероземалары бар жартылай бекітілген жоталы-төбелі құмдар	4	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 01 декабря по 22 декабря 2025 года. по адресу: (Жетісұяқ об-ласт, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5,) в кабинете № 6 ГУ «Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района».

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 22 декабря 2025 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 23 декабря 2025 года в 10 часов 00 минут (Жетісұяқ об-ласт, Ақсуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан № 5) в кабинете заместителя акима Аксуского района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошивном виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: «23 декабря 2025 года» (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районный отдел земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Качественная характеристика почв	Балл бонитет	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Матайский сельский округ	1398,69	Пастбища	Сероземы светлые песчаные	2	Не требуется	Специализированный
2	Матайский сельский округ	1000,0	Пастбища	Пески бугристые закрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
3	Матайский сельский округ	1000,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные с песками бугристыми закрепленными	2	Не требуется	Специализированный
4	Матайский сельский округ	537,0	Пастбища	Лугово-сероземные с лугово-сероземными солончковыми	3	Не требуется	Специализированный
5	Матайский сельский округ	500,0	Пастбища	Сероземы светлые песчаные с песками бугристыми закрепленными	2	Не требуется	Специализированный
6	Матайский сельский округ	500,1	Пастбища	Лугово-сероземные песчаные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
7	Матайский сельский округ	600,0	Пастбища	Пески бугристые закрепленные с сероземами светлыми песчаными	3	Не требуется	Специализированный
8	Матайский сельский округ	560,0	Пастбища	Пески бугристые слабозакрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
9	Матайский сельский округ	549,3	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
10	Матайский сельский округ	750,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
11	Матайский сельский округ	748,8	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	2	Не требуется	Специализированный
12	Матайский сельский округ	719,78	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	6	Не требуется	Специализированный
13	Матайский сельский округ	288,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	5	Не требуется	Специализированный
14	Матайский сельский округ	630,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	5	Не требуется	Специализированный
15	Матайский сельский округ	530,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	6	Не требуется	Специализированный
16	Матайский сельский округ	460,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	5	Не требуется	Специализированный
17	Матайский сельский округ	1499,35	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
18	Матайский сельский округ	685,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
19	Матайский сельский округ	1080,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	8	Не требуется	Специализированный
20	Матайский сельский округ	1082,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный
21	Матайский сельский округ	2400,0	Пастбища	Пески грядово-бугристые полужакрепленные с сероземами светлыми песчаными	4	Не требуется	Специализированный



Білім беру жүйесіндегі зайырлылық қағидаттары

Қай заманда да қоғамның дамуы мен мемлекет іргесінің беріктігі білім мен тәрбиенің деңгейіне тікелей байланысты. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде ұстанылатын басты ұстанымдардың бірі – зайырлылық қағидаты. Бұл қағидат тек оқу үдерісінің құрылымдық бөлігі ғана емес, мемлекет пен қоғам өміріндегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі болып табылады.

Зайырлылық – өркениетті қоғамның таңдауы

Зайырлылық – мемлекеттің діннен бөлінгенін, ал діннің жеке азаматтың ар - ождан бостандығына негізделетінін білдіреді. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Конституциясында нақты бекітілген. Елбасы мен Мемлекет басшылары әрдайым зайырлы мемлекеттің басты мақсаты – адамды еркін ойлауға, өз таңдауына жауапты болуға, қоғам игілігі үшін еңбек етуге тәрбиелеу екенін атап келеді.

Зайырлылық ұғымы дінсіздік немесе рухани құндылықтардан алшақтау емес. Керісінше, ол барлық сенім иелеріне тең мүмкіндік беретін, бір - бірінің көзқарасына құрметпен қарайтын, толерантты қоғамның негізін қалайды.

Білім беру жүйесіндегі зайырлылықтың мәні

Білім беру саласында зайырлылық қағидаты – ең алдымен ғылымға негізделген, сын тұрғысынан ойлауға үйрететін, адамды дербес тұлға ретінде қалыптастыратын жүйе.

Мектеп пен оқу орындарындағы басты мақсат – оқушының дүниетанымын кеңейту, сыни пайымдау қабілетін жетілдіру, азаматтық жауапкершілігін арттыру.

Осы тұрғыда ұстаздар қауымының рөлі ерекше. Мұғалім тек білім беруші емес, ол – жас ұрпақты адамгершілікке, елжандылыққа, мәдениетаралық келісімге баулитын тұлға. Зайырлы қағидат ұстаздың әрбір әрекетінде, әр сабақ пен тәрбиелік іс-шарада көрініс табуы тиіс.

Дін мен мемлекеттің өзара байланысы

Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет ретінде дінаралық келісім мен рухани татулыққа ерекше мән береді. Бұл бағытта «Діни

қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң, сонымен қатар мемлекеттік саясат тұжырымдамалары нақты бағыт береді. Зайырлы қоғамда дін мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасы өз шекарасында сақталады: дін мемлекет ісіне араласпайды, ал мемлекет дін істеріне бағыт бермейді. Бұл – демократиялық дамудың және қоғамдағы келісімнің негізгі шарты.

Жастардың рухани иммунитеті – басты міндет

Қазіргі ақпараттық ғасырда түрлі идеологиялық ықпалдар мен теріс діни ағымдардың әсерінен жастардың санасы әртүрлі бағытта қалыптасуы мүмкін. Сондықтан білім беру жүйесіндегі **зайырлылық қағидаты жастардың рухани иммунитетін қалыптастырудың ең тиімді тетігі** болып табылады.

Оқушыларға дін мен дәстүрдің, ғылым мен сенімнің ара-жігін дұрыс түсіндіру – бүгінгі мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті. Бұл бағытта дінтану негіздері пәні, сынып сағаттары мен түрлі түсіндіру кездесулері үлкен рөл атқарады.

Бірлік пен бейбітшілік – зайырлылықтың жемісі

Зайырлы білім жүйесі – елдің тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Ол азаматтарды өз еліне, тіліне, тарихына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Зайырлы қағидаттың арқасында Қазақстанда түрлі этнос пен дін өкілдері бейбіт өмір сүріп, ортақ құндылықтар төңірегінде топтасып отыр.

Бүгінгі ұрпақтың бойында осындай көзқарас қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Себебі, білім мен тәрбие діңгегі берік елдің ғана болашағы жарқын.

Білім беру жүйесіндегі зайырлылық – бұл уақыт талабы ғана емес, ұлттың рухани тұрақтылығының кепілі.

Зайырлы қағидатты ұстану арқылы біз жас ұрпақты ашық ойлы, парасатты, өзге пікірге құрметпен қарайтын тұлға етіп тәрбиелей аламыз.

Осындай ұстаныммен ғана біз ел бірлігін сақтап, ұлт болашағын кемелдендіре аламыз.

Жандос БЕРІКБАЕВ,
Ақсу ауданы әкімдігі аппаратының
ұйымдастыру және мемлекеттік-
құқықтық бөлімінің бас инспекторы.

ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

«ТАЗАЛЫҚ ӘР АДАМНАН, ӘР ҮЙДЕН, ӘР КӨШЕДЕН, ӘР ҚАЛАДАН БАСТАЛУЫ ТИІС. «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АҚЦИЯСЫ БІР РЕТТІК ШАРА БОЛМАУЫ КЕРЕК, ОЛ БІЗДІҢ ӨМІР САЛТЫМЫЗҒА АЙНАЛУЫ ТИІС. «ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ» ДЕП БЕРКЕР АЙТПАҒАН. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ИДЕЯСЫ СІЗДЕРДІ БІРІКТІРЕДІ. СІЗДЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН КҮШ-ЖІГЕРЛЕРІҢІЗДІҢ АРҚАСЫНДА БҰЛ ПАЙДАЛЫ БАСТАМА АУҚЫМДЫ ҚОЗҒАЛЫСҚА АЙНАЛДЫ. ОРТАҚ МАҚСАТ ҮШІН БІРІГҮ ДЕГЕН ОСЫ».

ТАЗА АУЫЛ — ОРТАҚ ИГІЛІГІМІЗ

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Ақсу ауданында кең көлемді сенбілік өтті

Табиғатты аялау – туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің көрінісі. Осы мақсатта елімізде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» ұлттық бағдарламасы аясында Ақсу ауданында «Таза бейсенбі» акциясы ұйымдастырылып, кең көлемді жалпы ауылдық сенбілік өткізілді.

Аудан тұрғындары, мекеме



қызметкерлері мен жастар ұйымдары ертемен «Туған елім тұғырым» ескерткіші маңына жиналып, игі іске атсалысты. Бірліктің белгісіндей болған бұл шарада қатысушылар ескерткіш аумағынан бастап ауылдың кіре беріс аркасына дейінгі аумақты тазалап, қоқыстан арылтып, айналы тәртіпке келтірді.

Сондай – ақ, ауылды көркейту мақсатында жасыл желек шыршалар отырғызылды.

Күнделікті тіршіліктің қамымен кейде елеусіз қалып жататын табиғат пен қоршаған ортаны күтіп - баптау – әр азаматтың азаматтық парызы. Сондықтан мұндай сенбіліктер тек тазалық шарасы ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың, туған жерге жауапкершілікпен қараудың нақты көрінісі болып отыр.

Сенбілікке қатысқан тұрғындардың айтуынша, ауылдың ажары – елдің ықыласына тікелей байланысты. Бір кісі

жүз егіп, жүз кісі мың егер дегендей, әрбір азаматтың еңбегі ауыл көркін арттыруға үлес қосады.

Қазіргі таңда күзгі санитарлық тазалық айлығы аудан бойынша жалғасып келеді. Бұл жұмыстар ауыл - аймақтың санитарлық жағдайын жақсартып қана қоймай, тұрғындар арасында табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Аудан әкімдігі мен ұйымдастырушылар барша тұрғындарды тазалық жұмыстарына белсенді қатысуға шақырады.

Таза ауыл — біздің ортақ игілігіміз! Туған жердің көркеюі – әрқайсымыздың қолымызда.

Келіңіздер, табиғат пен туған ауылымыздың тазалығына бірге үлес қосайық.

Таза орта – жарқын өмірдің бастауы!

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

10.11.2025 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде ndbecology.gov.kz сайтында «Жетісу облысы, Ақсу ауданында орналасқан «Қапал-Арасан (№2 учаске)» гранит кен орны жою жоспары» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Granite-industries» ЖШС, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі 44, БСН 180140024500. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар және электрондық мекенжай: тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады, priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

11.12.2025 жылы, сағат 10-00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылы, Мамбетов көшесі 27 мекен жайында «Жетісу облысы Ақсу ауданындағы «Қапал-Арасан (№2 учаске)» кен орнында гранит өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 927 990 3131, қатынау коды: bbNb3r. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы «Granite-industries» ЖШС, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі 44, БСН 180140024500, тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекен - жайына жолдауға болады. priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

С 10.11.2025 г. в течение 10-ти рабочих дней на сайте ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации месторождения гранита «Капал-Арасан (участок №2)», расположенного в Аксуском районе области Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Granite-industries», г.Конаев, ул. Железнодорожная 44, БИН 180140024500. Контакты и электронный адрес, по которому можно получить дополнительную информацию: тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

11.12.2025г. в 10:00 часов, по адресу область Жетісу, Аксуский район, с. Арасан, ул. Мамбетова 27 будут проводиться общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче гранита на месторождении «Капал-Арасан (участок №2)», в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNb3r. Инициатор намечаемой деятельности ТОО «Granite-industries», г.Конаев, ул. Железнодорожная 44, БИН 180140024500, тел: 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта Курманғалиев Р.А., тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел: 8(7282)329267, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

Егемен елдің еңселі мерекесі

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА МЫҢ АЛҒЫС!

2025 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАЗАНЫ — ӨМІРГЕ ЕКІНШІ МҮМКІНДІК!
АЛЛАҒА САНСЫЗ ШҮКІР!

Осы күні жүрегі тоқтап қалған бір ер азаматтың өмірін құтқарып қалу — үлкен ғажайып. Бірінші Аллаға шүкір, екінші Ақсу ауданында қызмет атқарып жатқан дәрігерлердің ерен еңбегі мен кәсіби шеберлігі арқасында ол аман қалды. Бұл оқиға — адам өмірінің қаншалықты нәзік әрі құнды екенін тағы бір мәрте еске салады. Жүректің тоқтауы — адамзат үшін ең күрделі жағдайлардың бірі, алайда, біздің дәрігерлер қиын сәтте жалғыз қалмады. Олар жедел арада көмек көрсетіп, жағдайды бақылауда ұстап, өмірді қайта жандандыра білді. Ақсу ауданының дәрігерлері — нағыз батырлар. Олар — бізге сенім мен үміт сыйлайтын, әрбір адам өміріне жан-тәнімен адал қызмет ететін мейірімді әрі кәсіби мамандар. Барша медициналық қызметкерлерге



еңбегінің арқасында ол өмірге қайта оралды. Отбасы атынан өмір үшін күрескен ақ халатты абзал жандар — Құрымбай Байқадам



зор алғысымызды білдіреміз! Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз, адамгершілік пен қайраткерлік қасиеттеріңіз ұшан - теңіз. Денсаулықтарыңыз мықты, өмірлеріңіз ұзақ, әр күніңіз қуаныш пен сәттілікке толы болсын! Бұл оқиға — бізге

Болатұлы, Бейбіт Сәбитұлы, Мұсабеков Ален Жақсылықұлы және орта медициналық қызметкерлерге шексіз ризашылығымызды білдіреміз. Сіздердің кәсібиліктеріңіз бен адам өміріне деген жауапкершіліктеріңіз — шынайы



мейірімділік пен адамгершіліктің қаншалықты маңызды екенін тағы да еске салып, дәрігерлердің еңбегін жоғары бағалауға шақырады. Рахмет Сіздерге, Ақсу ауданындағы ақ халатты абзал жандар! 7 қазан күні Ринатымыз жүрек талмасына ұшырап, жүрегі 15 минутқа тоқтап қалған қиын жағдайды бастан кешірді. Әуелі Алла Тағаланың қалауымен, екіншіден, Ақсу ауданының білікті дәрігерлерінің ерен

ерлік! Алла Сіздерге денсаулық, амандық, еңбектеріңізге береке берсін. Ринаттың жағдайы — Аллаға шүкір, өте жақсы.

ІЗГІ НИЕТПЕН:
Анасы-Кенжетай; Әпке-жездесі - Күлпаш пен Жекенай, ағасы — Жақыпбек, қарындасы мен күйеу баласы Сәуле мен Азамат, аяулы жары Мөлдір мен қыз, ұлдары және қайын жұрты!

25 қазан — еліміздің тарихындағы маңызды күндердің бірі, өйткені бұл күн — Республика күні. Бұл күн Қазақстанның егемендікке қадам басқан алғашқы тарихи белесі болып саналады.

2022 жылдан бастап Республика күні мемлекеттік мереке ретінде қайта жаңғыртылып, ұлттық мерекелер қатарына қосылды.

Бұл — халқымыздың өз тарихын құрметтеп, ұлттық бірлік пен елдік сананы нығайтудың көрінісі. Ақсу аудандық балалар кітапханасы осы мереке аясында жастарға ел тарихын білуге,

егемендіктің қадірін ұғынуға, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру бағытында «Туған елім Қазақстан» атты патриоттық кеш өткізді.

Айтулы іс-шараға Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп гимназиясының Тұрысбекова Айжан Айғалиқызы жетекшілік ететін 6 "А" сынып оқушылары қатысты. «Менің Отаным Қазақстан» атты кітап көрмесі арқылы оқырмандар егемендіктің жариялануы, мемлекеттік рәміздердің қабылдануы және Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы тарихы жайлы танысты. Ақын жазушылардың

шығармаларынан Республика күніне арналған жыр шумақтарын Алмас Бекбол, Сұлтанұлы Серік, Еркінбек Расул, Қанатбек Шұғыла, Серікқызы Құндызай жатқа оқыды.

Республика күніне өткен бұл шара жас ұрпақтың бойына ұлттық сана мен рухани құндылықтарды қалыптастыруға үлкен ықпал етеді. Егемен еліміздің еңсесі биік, бірлігі бекем, келешегі кемел болсын!

Б.АБДЫРАХМАНОВА,
балалар кітапханасының меңгерушісі.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2025 - 2026 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

БАСПАСӨЗ -
2026

АҚСУ Өңірі

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 5672 теңге
және жарты жылға 2836 теңге.

Газет индексі: 65750

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру
және ақпарат
комитеті 2015 жылғы
16 қараша айында
есепке қойылды. Күздік
№15701-Г

Газет бетінде жарияланған
мақалалар авторының пікірі редакция
көзқарасы болып табылмайды.
Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен
мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы,
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2254

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.